


Айналага ағаш егіп, тал отырғызу қазір қызылордалықтардың айнымас үрдісіне айналған. «Атаннан мал қалғанша, тал қалсын» деген. Бүгін отырғызылған шыбық – ертен жанға сая, табиғаттың сәні. Қазір қайсыбір ауыл-аймақ немесе қаланың жасыл желекке бөленіп, түрге енуі басты орынға қойылды. Көшесі мен ауласы кербез қайындар мен сыландаған теректерге толып тұрса, қоғамның көркемдікке деген көңілін аңғаруға болады.

Көгалды аймақ құруға Қызылорда облысының табиғаты қытымырлық танытса да, сырбойылықтардың жасыл желекті көбейтуге ынта-ықыластары төмендеген емес. Осы күнге дейін егілген ағаш пен отырғызылған талдың сан алуан түрі қазір Қызылорданың көркін келістіріп тұр. Бұл экологиялық аймақтың ауасын таза ұстауға сәл де болса септігін тигізери хак. Облыста тек айналаны көркейтп, көгалдандыру жұмыстары ғана емес, табиғат тынысын кенейтуге бағытталған нәтижелі істер де бар.



Елбасының өзі бүкіл ел аумағын жасыл желекке айналдыруды игі бастама ретінде алып, көгалдандырудың маңызын тәптіштеп түсіндіріп берген болатын. Осыған орай мемлекет басшысы «Жасыл белдеу» бағдарламасын ұсынып, қазір осы бойынша барлық өңірде қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аймақ басшысы К.Қошербаев Қызылорда облысының аумағында «Жасыл белдеу» бағдарламасын жүйелі түрде жүзеге асыруды

тиісті мекемелерге тапсырган болатын. Тапсырма жерде калмай, жұмыстар нәтижесімен корініп жатыр. Бір кездері Израиль мемлекетінде де осындай жасылдандыру саясаты жүргізілгені бар. Олардын топырақ құнарлылығы бізбен салыстырғанда әлдеқайда томен. Осімдіктің онуіне кедергі көп. Олармен салыстырғанда біздің табиғи мүмкіншілігіміз әлдеқайда жоғары. Сондықтан «болмайды» деп бас шайқап отырғаннан, тәуекел деп табысқа жеткен озімізге де пайдалы. Жасыл белдеу орналасатын жалпы жер көлемі бас-аяғы 23,5 гектарды құрайды. Ал ұзындығы 7 шақырымға дейін жетеді. Белгіленген жерге жергілікті жерсіндірілген сыр талы, терек ағаштарының 11 мыңнан астам данасы отырғызылатын болады.

Аймағымыз үшін қолға алынып жатқан САРАТС жобасының маңызы зор. Қазір жобаның екінші кезеңін қаржыландыру мәселесі шешілді. «Гасыр жобасын» жүзеге асыруға дүниежүзілік банк қаржы бөледі. Бұл туралы Қызылорда облысының әкімі К.Қошербаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Елбасының тікелей бастамасымен табаны құрғаған теңізді қайтару мақсатында «Сырдария озенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы қолға алынды. Сан жылдардан бері қасіреттен қоз аспаған халық сағымға айналған қуанышты күндерінің қайта оралатынына сеніммен қарады. Халықаралық сарапшылар «Гасыр жобасы» деп әспеттеген «САРАТС»-тың бірінші кезеңі сәтті жүзеге асты.

Қомақты қаржыға Үлкен және Кіші Аралдың түйіскен тұсына 13 шақырымды құрайтын Қоқарал богеті салынып, Сырдария озенінің арнасы тазартылды. Бүгін қоса, бірнеше гидротехникалық құрылыстар орнатылды. Нәтижесінде Сырдария озенінің су өткізу мүмкіндігі артты. Теңіздің құрғаған 870 шақырымын су басып, балық түрлері көбейген. Судың тұздылығы төмендеді. Бұрын балықтың бір түрі қалса, қазір су маржанының саны жиырмадан асты. Балық аулау көлемі 400 тоннадан 5000 тоннаға дейін жетіп отыр. Теңіз Арал қаласына 74 шақырымнан 17 шақырымға дейін жақындады. Бүгінде «гасыр жобасының» екінші кезеңін қаржыландыру мәселесі де шешілді. Дүниежүзілік банкінің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Сародж Кумар Джа Сыр өңіріне арнайы келіп, жобаның екінші кезеңін жүзеге асыруға байланысты екіжақты меморандумға қол қойған болатын. Жыл соңына дейін құжаттар рәсімделіп, келер жылы құрылыс жұмыстары басталады. Балық шаруашылығы саласының озінде 3 мыңға жуық жана жұмыс орны ашылады. Теңіз айдыны мен Арал қаласының арақашықтығы бір шақырымға дейін жақындайды.

Балық шаруашылығының мамандары Қоқарал богеті салынғалы балық қоры мен олардың түрі едәуір көбейгенін айтып отыр. Богет суының деңгейін 50 метрге дейін көтергенде Кіші Аралдың кез келген жеріне балық қыстап, ұлдырық шаша алады. Сондай-ақ теңіздің барлық аланы тұщы суга толыға бастайды да, табиғи осім есебінен көбейген

балықты аулау корсеткіші екі есе артады екен. ҚР Премьер-министрдің орынбасары Б.Сағынтаев бастаған Үкімет делегациясы жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келгенде «Қоқарал» боғетінде болып, «Сырдария озенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының бірінші кезеңінде жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижесімен танысты. Содан соң ол Үкіметте осыған байланысты мәжіліс откізілетіндігін тілге тиек еткен еді. Осыған орай облыс әкімінің окімімен жұмысшы тобы құрылып, оның құрамына республикадағы алдынгы қатарлы ғылыми-зерттеу институттары мен халықаралық ұйымдар басшылары енгізілді. Екінші кезең жобасын жан-жақты зерделеуге байланысты қабылданған шешімді ел үшін маңызы зор жобаға тарихи бетбұрыс десек болады. Қазір суды үнемдеу жаһандық проблемаға айналған. Жоғарыдан келген судың алдымен Үлкен теңізге кетпей, Кіші Аралды толтыруы экологиялық жағдайдың оналуына септігін тигізеді. Аралдың келешек тағдырымен тамырлас жоба туралы онды саяси шешім қабылдау жолында мамандардың жұмыла жұк қотергенін де айта кеткен абзал. Қазір онірдің әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайының жақсаруына тікелей қатысты жобаны егжей-тегжейлі талқылаудың маңыздылығы артып келеді. Ең бастысы, аталмыш жоба аймақтың экологиялық жағдайын жақсартып, халықтың келешекке деген сенімін нығайтады. Сонымен қатар САРАТС Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық орлеуіне данғыл жол ашады деген сенім бар.

САРАТС жобасының екінші кезеңі жүзеге асқан уақытта Арал теңізінен 30 мың тоннадан астам балық ауланатын болады. Қызылорда облысында балық кластерін дамыту мақсатында «Байқоңыр» ӘҚҚ» ҮҚ» АҚ-ның қатысуымен біршама инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда балық шаруашылығы саласы бойынша бірлескен кәсіпорындар құру арқылы («СПҚ Қызылорда Балық» ЖШС, «Қаратерен Балық» ЖШС, «Боген» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС) жалпы құны 383 млн. тенге құрайтын 3 бірлескен инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Аталған кәсіпорындар арқылы үстіміздегі жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жалпы құны 456 млн. тенге құрайтын 1121 тонна балық өнімдері өндірілді.

Арал қаласындағы қуаттылығы жылына 6 мың тонна балық өндейтін «Арал балық өндеу зауыты» ЖШС-ін ұзақ мерзімге жалға алу келісіліп, бүгінгі таңда кәсіпорын өз жұмысын жалғастыруда. Кәсіпорынның жұмысын жандандыру және айналым қорын ұлғайту мақсатында «Қызылорда қаржы компаниясы» ЖШС арқылы 65 млн. тенге жөнелдетілген несиелер берілді. Үстіміздегі жылдың 9 айында бұл кәсіпорында құны 381,5 млн. тенге құрайтын 231 тонна балық өнімдері өндірілді. Бұл өнімдердің ішінде құны 12,2 млн. тенге құрайтын 71 тонна балық өнімдері экспортталды. Бүгінгі күні «Арал балық өндеу зауыты» ЖШС өндірісті басқару және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі стандарттарын енгізіп, тиісті сертификаттарын алды. Сонымен қатар, кәсіпорын шығарылатын балық өнімдеріне еврономер алу бағытында жұмыстар жүргізуде. Қазіргі таңда кәсіпорын арқылы Арал теңізінің 2 учаскесінен келісімшарт негізінде балық аулануда. Кәсіпорында 75 адам жұмысқа тартылып отыр.

Сондай-ақ Қызылорда қаласына қарасты Иіркол өңірінде 459 га жерде тоғанды балық шаруашылығын ұйымдастыру бағытында жұмыс жүргізілуде. Бұл ретте «Болат» ШҚ-на жалпы көлемі 166 га құрайтын жер телімі 2 жыл мерзімге жалға берілді. Аталған тоған шаруашылығын толықтай іске қосуды және инфрақұрылымын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджеттен 25 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда электр желісін жеткізудің жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан отуде. Сонымен қатар, республикалық меншіктегі «Қамыстыбас балық питомнигі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорның коммуналдық меншікке алып, «Байқоныр ӨҚК» ҰК» АҚ-ның жарғылық қорын ұлғайту жолымен теңгеріміне беру жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Қошербаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында су тасқынының алдын алуға 452 млн. теңге қаржы бөлінетіндігін тілге тиек еткен болатын. Қызылорда облысы аумағынан ағып жатқан Сырдария өзенінің жалпы ұзындығы 1274 шақырымды құрайды. Қыс-көктем мезгілдерінде Шардара су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына судың жоғары мөлшерде жіберілуіне байланысты су тасу қаупі болады. Осыған орай, облыстағы жағалау қорғаныс бөгеттері өзен суын қыс уақытында 400 куб/м/с көлемде қауіпсіз өткізу мақсатында жыл сайын қорғаныс бөгеттерінің жай-күйлеріне алдын ала зерттеулер жүргізу арқылы жөндеу, күшейту және қалпына келтіру жұмыстары жасалынып келеді. Сырдария өзенімен келген мол су әсерінен қайта қалпына келтіруді қажет ететін аса қауіпті деген 46 нысанға облыстық бюджеттен бірінші кезеңге 452,0 млн. теңге қаражат бөлініп, жоба-сметалық құжаттары дайындалып, қазіргі кезде аталған су шаруашылығы нысандары мен қорғаныс бөгеттерін нығайту және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қызылорда облысы – еліміздегі экологиялық аймақтардың бірі. Арал, Байқоныр мәселелері жергілікті жұртшылықтың таза ауамен тыныстауына кедергі келтіреді. Алайда жергілікті билік халыққа қолайлы жағдай тудыру үшін аянып қалып жатқан жоқ. Мәселелерді шешу жолында табанды еңбектер жасалуда. Бірлік туының астында біріккен ел ағаларының экологиялық ахуалды жақсартуға қатысты атқарып жатқан жұмыстары нәтижелі. Аймақты жасыл желекке айналдыру, экологиялық жанару, жобаларды жүзеге асыру, бағдарламаларды жүйелі түрде орындау жоспармен орындалып жатыр. Бұл билік пен халық арасында тығыз байланыстың бар екендігін анық байқатады.

Қ.ҚЫСТАУБАЙ